



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ФОТОГРАФИКАНЫҢ ҚОСЫМША ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Шүкіржан Жаннұр

love_me11@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасы
диз-33 тобының студенті, Астана, Қазақстан

Рахимжанова Гульнур Балтабековна

miss.gulnur1983@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға
оқытушысы, Астана, Қазақстан

Бүгінгідей технология мен жаһанданудың заманында қоғамдағы әлеуметтік көзқарастар күн санап өзгеруде. Атап айтқанда, соңғы онжылдықта өнердің түрлі нысандары мысалы, компьютерлік, бағдарламалық технологиялар және компьютерлік графика белсенді даму үстінде.

Графиканың өзгерістерге байланысты дизайнер де өзінің ой-өрісін дамыту мақсатында, сонымен қатар қоршаған ортаның тылсым дүниесін сурет салу арқылы, суретке түсіру арқылы өзгеге жеткізудің әртүрлі түрлерін қарастырады. Фотосуретті әртүрлі қырынан ең заманауи дәрежеде жобалап жеткізуде фотографика қазіргі заманғы дизайнның ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Фотографика фотосуретті жеткізуде қаншалықты маңызды?

Фотографика сөзінің мағынасын бірнеше жақтан қарастыруға болады. Фотографика жанды және жансыз табиғат әлемін, қоршаған орта дүниелерін фотосуреттерге бір ғана емес, бірнеше бейнелі рең бере отырып жеткізу. Графикалық дизайн ретінде фотографикаға қабырға газеттерін, кітаптар, карталар, күнтізбелерді жатқызуға болады. Фотографиканың негізгі мақсаты- фотосуретті көрерменге белгілі- бір ой саларлық мағынасы бар етіп әртүрлі элементтер көмегімен өзгертіп жеткізу. Сонымен қатар, фотографика сөзі тек термин ретінде қарастырылмайды, сондай-ақ дизайнерлік пән ретінде немесе курстық жұмыстардың, бағдарламалардың атауы ретінде кеңінен қолданыс табуда.

Фотосуреттерге визуалды түрде әртүрлі элементтер қосып немесе басқа да жолдармен ақпаратты толықтыру оның көрерменге әсерін күшейтеді. Осы мақсатта, яғни фотосуретті бейнелі түрде дамыту үшін фотографиканың әртүрлі түрлерін қолдану маңызы. Алайда, көпшілік фотосуреттің әсерлі жеткізілуінде фотографика терминінің қолдану аясын түсіне бермейді. Мысалы, келесі фотосуретте векторлық элементтер (жәндіктер бейнесі) көмегімен адамының қорқыныш сезімі күшейтіліп бейнеленген, яғни фотографиканың қолданысы арқылы фотосуреттің әсері біршама жандана түскен.



1-сурет. Фотосуретте векторлық элементтер (жәндіктер бейнесі)

Фотосуреттерге әртүрлі элементтер қосып немесе басқа да жолдармен ақпаратты толықтыру арқылы қоймай, фотосуреттерді өзгерте түседі.



2-сурет. Әр-түрлі элементтерді және жарықты қосу арқылы түрін түсін өзгерту.

Фотографика көмегімен тек векторлық объект қосып қана қоймай, әртүрлі геометриялық фигуралар, түрлі сызықтар, түрлі-түсті бейнелер (гүлдер, жануарлар бейнесі т.б.) , қара-ақ түстер немесе ең маңызды объект жарық көмегімен фотосуреттің мән-мағынасын, адам санасына берілетін ойын мүлдем өзгертіп жеткізуге әбден болады. Бұл бейнелерді қолданудың басты мақсаты фотографиканың фотосуреттерді әртүрлі жеткізудегі маңызын айқындай түседі, яғни фотографиканың маңызы фотосуреттердің әсерлі түрде терең мағынаны қамтып, көрермен санасында белгілі-бір ойды қалыптастыру. Келесі суретте белгілі-бір ой қалыптастырарлықтай өзгертiрген фотосурет берiлген, яғни фотографика элементтерi қолданыс тапқан.



3 сурет. фактураларды қолдану арқылы берілген суреттің мазмұнын өзгерту.

Фотографиканың маңызы ХХІ ғасыр, яғни технологияның, адам санасының қарқынды дамуы кезеңінде айқын байқалады. Себебі, қоршаған ортаның тылсым дүниесін әсерлі етіп жеткізу әрбір дизайнердің мақсаты екені белгілі, фотосуреттің мағынасын фотографиканың элементтерін қолдану арқылы тамашалаушылардың санасына жеткізу дизайнердің жетістігі десе де болады және сол үшін де фотографика маңызды рөл атқарып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхамбетжанова С. Т. Компьютерлік дизайн. – Алматы, 2007
2. П.Кент. World Wide Web. –М.: Компьютер, 1996
3. Балафанов Н., Бөрібаев Б. Информатикадан 30 сабақ. – Алматы, 2003.
4. Левковец, Л. Уроки компьютерной графики. Photoshop CS/, СПб.: Питер, 2005
5. Миронов Д. Компьютерная графика в дизайне. –СПб.: Питер, 2004,
6. Панкратов Т. Photoshop7. СПб.: Питер, 2005

Сілтемелер:

http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2014-09-18-elbib_10.pdf

<http://www.design.ru/kovodstvo/> - Руководство А.Лебедева - ссылки и комментарии с сайта по веб-дизайну.